

"Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 3 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2024 жылғы 16 қазандағы № 129 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 21 қазанда № 35276 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31621 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес " Оңайлатылған атқарушылық іс жүргізу" 4-кестемен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы сот актілерін орындау бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері Атқарушылық іс жүргізу органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – АІЖОААЖ) енгізген атқарушылық құжаттарды автоматтандырылған орындау электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕҚ) негізінде "Сот актілерін орындау бойынша жұмыс туралы" № 4 есептің нысанын (бұдан әрі – есеп) қалыптастыруға арналған.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы 15) тармақшасымен толықтырылсын:

"15) Заңның 10-5-бабында көзделген негіздер бойынша оңайлатылған іс жүргізуді тоқтату;"

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Есеп 4 кестеден тұрады:

1) 1-кесте "Атқарушылық құжаттардың қозғалысы" (бұдан әрі – №1 кесте)

2) 2-кесте "Атқаруға келіп түскен атқарушылық құжаттар бойынша өндіріп алулардың мөлшері" (бұдан әрі – 2-кесте);

3) 3-кесте "Алименттерді өндіріп алу туралы" (бұдан әрі – 3-кесте);

алу туралы салық бұйрықтары	1									
Сот қаулылары бойынша айыппұлдар	2									
оның ішінде Соттың әкімшілік қаулылары бойынша сот шығындары	3									
Уәкілетті органның қаулылары бойынша айыппұлдар	4									
Атқарушылық іс жүргізудің барлығы	5									

кестенің жалғасы

оның ішінде:				орындауға жеке сот орындаушысына берілді	соммасына	оның ішінде:				Есепті кезеңнің соңында орындалмаған құжаттардың қалдығы	соммасына
толық көлемде орындалды	соммасына	уәкілетті орган күшін жойды	соммасына			заңның 10-4-бабында көзделген мерзім аяқталды	соммасына	борыш кератқарушылық құжаттың талаптары оңайлатылған өндірістер орындаудан бастартты	соммасына		
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20